

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ахуалдық орталығын жаңғырту және техникалық жете жарақтандыру шеңберінде тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алынатын өнім берушіні айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 15 қазандағы № 762 қаулысы

1. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 56) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2. 1. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ахуалдық орталығын жаңғырту және техникалық жете жарақтандыру мақсатында "Nuctech Company Limited" компаниясы осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді беруші болып айқындалсын.

3. 2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 15 қазандағы  
№ 762 қаулысына  
қосымша

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ахуалдық орталығын жаңғырту және техникалық жете жарақтандыру мақсатында өнім беруші "Nuctech Company Limited" компаниясынан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі**

Р/с №	Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауы	Объектінің атауы
	Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу	
	Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу	

1	Жабдықтарды жеткізу	Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы: "Алакөл"; "Қалжат"; "Майқапшағай"; "Бақты"; "Атамекен"; "Қапланбек"; "Қазығұрт"; "Темір баба"; "Тәжен"; "Жібек Жолы"; "Достық" өткізу пункттері.
	Инсталляциялық жұмыстарды, жабдықтарды тестілік сынауды жүргізу	
	Кепілдік кезеңі шеңберінде жабдықтарды пайдалануға беру және техникалық қызмет көрсету	
	Оқытуды өткізу	
2	Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ахуалдық орталығы
	Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу	
	Жабдықтарды жеткізу	
	Инсталляциялық жұмыстарды, жабдықтарды тестілік сынауды жүргізу	
	Кепілдік кезеңі шеңберінде жабдықтарды пайдалануға беру және техникалық қызмет көрсету	
	Оқытуды өткізу	